

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік заемдары, заемдары және салымдары (депозиттері) бойынша сыйақы есептеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 20 қыркүйектегі N 293 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 қазанда N 954 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 56 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.06.25 № 56 (қабылданған күнінен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту: Атауындағы және бүкіл мәтін бойынша "кредиттері, несиелері және депозиттері бойынша сыйақы (мүдде)" деген сөздер "банктік заемдары, заемдары және салымдары (депозиттері)" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **қаулы етеді** :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік заемдары, заемдарды және депозиттері бойынша сыйақы есептеу ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне **енгізілсін** .

2. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесе отырып, осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік заемдары, заемдары және депозиттері бойынша сыйақы есептеу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік заемдары, заемдары және депозиттері бойынша сыйақы есептеу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелеріне **жіберсін** .

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдары осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік заемдары, заемдары және депозиттері бойынша сыйақы есептеу ережесін екінші деңгейдегі

б а н к т е р г е ж і б е р с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

2 0

қ ы р к ү й е к т е г і

№ 293 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік
заемдары, заемдары және депозиттері бойынша
сыйақы есептеу
Ережесі**

Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда жазылды және бүкіл мәтіні
б о й ы н ш а :

1) "кредит", "кредиттің", "кредитті", "кредиттердің", "кредиттері" деген сөздер тиісінше "банктік заем", "банктік заемның", "банктік заемды" "банктік заемдардың", "банктік заемдары" деген сөздерімен ауыстырылды;

2) "кредиттеу" деген сөз "заем беру" деген сөздерімен ауыстырылды;

3) "несие", "несиенің", "несиеге", "несиені", "несиемен", "несиелерге", "несиелерді" деген сөздер тиісінше "заем", "заемның", "заемға", "заемды", "заеммен", "заемдарға" "заемдарды" деген сөздерімен ауыстырылды;

4) "(мүдде)", "(мүддені)", "(мүддеден)" деген сөздер алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы № 378

қ а у л ы с ы м е н .

Атауындағы және бүкіл мәтін бойынша "депозиттері", "депозит" "депозиттің", "депозитті" және "депозиттер" деген сөздер тиісінше "салымдары (депозиттері)", "салым (депозит)", "салымның (депозиттің)", "салымды (депозитті)" және "салымдар (депозиттер)" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 11 наурыздағы № 32 қаулысымен .

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі- Ұлттық Банк) басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ә з і р л е н г е н .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік заемдары, заемдары және салымдары (депозиттері) бойынша сыйақы есептеу Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Ұлттық Банк берген банктік заем , заем және заңды тұлғалардың Ұлттық Банкке орналастырған салымдары (депозиттері) бойынша сыйақы есептеу тәртібін белгілейді.

3. Банктік заем шартында, заем шартында және банктік салым шартында осы талап болған жағдайда, соның негізінде банктік заем, заем берілгенде немесе депозит орналастырылғанда Ұлттық Банктің банктік заемдары, заемдары және тартылған депозиттері бойынша сыйақы есептеледі.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 қаулысымен .

4. Сыйақыны есептеу мәселесімен айналысатын бөлімше дайындаған өтінім негізінде талдамалық есептегі шоттар бойынша есептелген сыйақы (көрсету үшін бухгалтерлік есеп бөлімшесінде шоттың әрбір иесі бойынша:

1) берілген банктік заем бойынша - объектілерге, банктік заемды пайдалану мерзіміне қарай ;

2) тартылған салым (депозит) бойынша - сақталу мерзіміне қарай;

3) берілген заем бойынша - заемды пайдалану мерзіміне қарай жеке есепшот ашылады.

2-тарау. Сыйақыны есептеу тәртібі

5. Сыйақы ставкасы кесімді (тұрақты) және ерікті бола алады.

Кесімді сыйақы ставкасы банктік заем шарты, заем шарты немесе банктік салым шарты қолданылатын бүкіл мерзім ішінде өзгермейді.

Сыйақының ерікті ставкасын Ұлттық Банк тараптардың шартында келісілген талаптарға байланысты банктік заем шарты, заем шарты немесе банктік салым шарты қолданылатын бүкіл мерзім ішінде өзгерте алады.

Ескерту: 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 378 қаулысымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 қаулысымен .

6. Ұлттық Банктің банктік заем шартында, заем шарты және банктік салым шартында бойынша сыйақы ставкасының мөлшері Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде, Ұлттық Банктің Басқармасы мен Директорлар кеңесінің қаулыларында немесе банктік заем , заем немесе банктік салым шартында және/немесе Ұлттық Банк пен клиент арасында жасалған соларға қосымша келісімде белгіленеді .

Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 378 қаулысымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 қаулысымен .

7. Банктік заем шарты, заем шарты немесе банктік салым шартын жасаған кезде тараптар сыйақы ставкасын есептеу кезеңін, мерзімін, оны есептеу және өндіріп алу тәртібін, сыйақы ставкасының мөлшерін - кесімді уақытқа төленетін проценттік төлемдер сомасының банктік заемның (салымның (депозиттің) көлеміне қатынасын келісіп алады. Сыйақы есептелетін уақыт аралығы есептеу кезеңі деп аталады. < * >

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 378 қаулысымен , 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 қаулысымен .

8. Аталған шартта сыйақыны есептеу мерзімі болмаса, ол Ұлттық Банк банктік заем , заем берген немесе салымды (депозитті) орналастырған күннен бастап банктік заем , заем бойынша берешекті толық өтеген немесе салымды (депозитті) төлеген күнге дейін есептеледі.

9. Заем-қарыз алушының алған заемін өз ықтиярымен мерзімінен бұрын өтеуге құқы бар. Мұндай жағдайда заем үшін сыйақы заемды іс жүзінде пайдаланған уақыт үшін есептеледі.

Қарыз алушы банктік заем , заем бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын төлеген және Ұлттық Банк салымды (депозитті) мерзімінен бұрын қайтарған жағдайда, егер шартта басқа нәрсе ескерілмесе, сыйақы банктік заемды, заемды өтеген және салымды (депозитті) толық төлеген күнге дейін есептеледі.

10. Банктік заем бойынша берешекті өтеу кезектілігі банктік заем шартында келісіледі. Уағдаластық болмаған жағдайда, берешектің мерзімі өтіп кетсе, ең алдымен есептелген тұрақсыздық айыбы, екінші кезекте сыйақы , ең соңында басты қарыз өтеледі. банктік заем да дәл осындай тәртіппен мерзімінен бұрын қайтарылды. < * >

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 378 қаулысымен .

11. Банктік заем (заем) берілген және салым (депозит) орналастырылған күні осы талап туралы келісілген жағдайды қоспағанда сыйақы өндіріп алынбайды және төленбейді.

12. Берілген банктік заемдар, заемдар және Ұлттық Банкте орналастырылған салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы шарттың талабында ескерілген (қарапайым немесе күрделі) сыйақыны есептеудің әдісіне сәйкес есептеледі. Егер шартта сыйақы есептеудің нақты әдісін қолдану айтылмаса, қарапайым сыйақы әдісі қолданылады. Сыйақыны есептеудің күрделі әдісі қолданылған жағдайда, ол есептелген сыйақыны күнделікті капиталдандыру жолымен күн сайын

е с е п т е л е д і .

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 қаулысымен .

13. Сыйақыны есептегенде бір айдағы күн саны шартты түрде 30, ал бір жылдағы күн саны 360 болады деп алынады. 31 күннен тұратын айларда 31 - күн есепке алынбайды, ал ақпанда ең соңғы күннен кейінгі қалдық 30-ға қанша күн жетпесе, соншама рет қайталаынады. Шартта басқа нәрсе көзделмеген жағдайда, есептеудің осы техникасы қолданылады.

3-тарау. Сыйақыны есептеу

14. Сыйақы төменде келтірілген формула бойынша есептеп шығарылады, содан кейін проценттік сан үтірден кейінгі барынша көп белгімен есептеп шығарылады, есептеу нәтижесі үтірден кейінгі екі белгіге дейін дөңгелектенеді.

15. Сыйақыны есептегенде, сыйақыны есептеп шығарудың мынадай әдістері қ о л д а н ы л а д ы :

1) қарапайым әдіс - сыйақы банктік заем (салым (депозит) бойынша негізгі борыш сомасына ғана есептеледі және мынадай формула қолданылады:

$$I = \frac{i * p * n}{36000}, \quad \text{бұл жерде}$$

i - проценттердің жылдық ставкасы;

p - (салымның (депозиттің) берешектің қалдығы;

n - кезең ішіндегі процент есептелетін күндер саны;

2) күрделі әдіс - сыйақы банктік заем (салым (депозит) бойынша негізгі борыш сомасына ғана емес, әрі бұрын есептелген сыйақыдан түскен табыс сомасына есептеледі және мынадай формула қолданылады:

$$I = P [(1+i/1200)^n - 1], \quad \text{бұл жерде}$$

i - проценттердің жылдық ставкасы;

n - банктік заемның (салымның (депозиттің) айға (айдың бөлшегіне) созылған ұ з а қ т ы ғ ы ;

P - банктік заемның (салымның (депозиттің) бастапқы сомасы;

I - заемның (салымның (депозиттің) бүкіл мерзім ішіндегі есептелген проценттерінің с о м а с ы .

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 қаулысымен .

16. Егер заем беру мерзімі ішінде заем бойынша берешегінің бір бөлегі мерзімі өткізілген заем шотына жатқызылса, (заемдарды қоспағанда) мерзімі

өткізілген заем бойынша берешегіне есептелген сыйақы сомасын анықтау үшін мерзімі өткізілген берешек (тұрақсыздық айыбы) бойынша сыйақы ставкасы пайдаланылады және мынадай формула қолданылады:

$$Iq = Q / [(1+iq/1200)^{t^1} - (1+iq/1200)^{t^2}],$$
 бұл жерде

Iq - мерзімі өткізілген берешек бойынша есептелген проценттерінің сомасы;

Q - мерзімі өткізілген берешектің сомасы;

iq - мерзімі өткізілген берешек бойынша проценттік ставка;

t^1 - заем беру басталған күннен мерзімі өткізілген берешек бойынша процент есептелетін күнге дейінгі уақыт кезеңі;

t^2 - заем беру басталған күннен мерзімі өткізілген берешек пайда болған күнге дейінгі уақыт кезеңі.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 378 қаулысымен .

17. Шарттың сыйақы есептеу әдістеріне, сыйақы ставкасының мөлшеріне, банктік заем (салымдардың (депозиттердің) мерзімін ұзартуға қатысты талаптары өзгерген жағдайда, қажет болса сыйақы есептеудің қарапайым әдісін сыйақы есептеудің күрделі әдісіне ауыстыруға болады, онда мынадай формула қолданылады :

$$I = 1200 * [(1+n*ip/1200)^{1/n} - 1],$$
 бұл жерде

ip - жай проценттерді есептеген кезде пайдаланылатын проценттік ставка.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2005 жылғы 11 наурыздағы N 32 қаулысымен .

18. Ұлттық Банк берген кредиттер, заемдар және тартылған салымдар (депозиттер) бойынша сыйақыны Автоматтандырылған "ҚҰБАЖ-ЗЦ" банктік жүйесінде сыйақыны есептеуге міндетті бөлімше күн сайын есептейді. Есептелген сыйақыны күн сайын бэк-офис автоматты түрде, бағдарламалық жолмен шоттарда көрсетіп отырады.

19. Ай сайын әрбір айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей банктік заемдар мен салымдар (депозиттер) бойынша күн сайын есептеліп отырған сыйақының сомасы түзетіліп жазылады және сыйақы ағымдағы айдың 30 күні үшін есептеледі. Есеп берілетін айда есептелген сыйақы Автоматтандырылған "ҚҰБАЖ-ЗЦ" жүйесінде қалыптастырылады және оны бэк-офис сыйақыны есептейтін бөлімше дайындаған құжатқа сәйкес жеке есепшотқа жатқызады.

20. Түзетіп жазу (сторно жазба) немесе есептелген сыйақыны түзету қажет болғанда, сыйақыны есептейтін бөлімше осы операцияны жүргізу үшін тиісті құжат дайындайды.

21. Ұлттық Банктің банктік заемдары, заемдары және салымдары (депозиттері) бойынша сыйақыны дұрыс есептеп шығару және уақтылы есептеу жөніндегі жауапкершілік сыйақыны есептейтін бөлімшеге жүктеледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК